



## БҰЙРЫҚ

13.09.2022ж.

### 2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

## ПРИКАЗ

№134

«Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» басшысының «2022-2023 оқу жылында білім беру ұйымдарындағы тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» 2022 жылғы 16 тамыздағы №740 бұйрығының негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**


1. Жекелендірілген санаттағы білім алушыларға мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысында тегін сапалы тамақтандыру 2022 жылдың 05 қыркүйегінен бастап 5-11 сынып аралығында: 15 атаулы әлеуметтік көмек алатын, 3 жетім, 15 аз қамтылған отбасы, басқа санаттағы 4 оқушы, барлығы 37 оқушы мектеп асханасынан күніне бір мезгіл тегін ыстық тамақпен тамақтандырылсын, жауапты – мектептің әлеуметтік педагогі.
2. Әр айдың 1-не дейін мемлекеттік қызмет көрсетудің орындалуы барысының есебі Нұр-Сұлтан қаласы Білім басқармасының Мемлекеттік сатып алу және инфрақұрылымды дамыту бөліміне тапсырылсын, қаржы бөліміне жүктелсін.
3. Ашықтықты қамтамасыз ету барысында, ата-аналар қоғамының өкілдері Бракераждық комиссия құрамына енгізілсін.
4. Бракераждық комиссия құрамының төрағалығы менімен бекітілсін.
5. Күн сайынғы ас мәзірі бекітіліп, ата-аналар мен оқушылардың заңды өкілдері үшін асхананың қол жетімді жеріне орналыстырылсын.
6. Мектептегі тамақтануды ұйымдастыру кезінде санитарлық ережелер мен нормаларға, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне және әдістемелік ұсыныстарына сәйкес санитарлық эпидемиологиялық талаптардың орындалуы жүзеге асырылсын, жауапты – медбике.
7. Асханадағы кезекшілік кестесіне білім қызметкерлері бекітілсін, оқушыларды кезекшілікке тартуға тыйым салынсын, жауапты – тәрбие жөніндегі орынбасар.
8. Тамақтанудың кестесін бекіту кезінде тамақтану уақытының ұзақтығын ескеріп, сабақ арасындағы қонырау ұзақтығы 15 минутқа сәйкестендірілсін, жауапты – оқу ісі жөніндегі орынбасар.

9. Интернет-ресурстарында «Мектептегі тамақтану» айдарында мектептегі тамақтандыруды ұйымдастыру ай сайынғы ақпарат (мәзір, бракераждық комиссия құрамы) жөнінде ақпарат берілсін, жауапты – ақпараттандыру жөніндегі орынбасар.

10. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Ж.Г. Матеноваға жүктелсін.

2. Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор



Е. Исмұханов

Бұйрықпен таныстырылды

Ж. Матенова